

## XV тарау

# ГАЛОГЕНОРЫНБАСҚАН КАРБОН ҚЫШҚЫЛДАРЫ. ОКСИ- ЖӘНЕ ОКСОҚЫШҚЫЛДАР

### 1. Галогенорынбасқан карбон қышқылдары


#### Анықтамасы, изомериясы, номенклатуrasesы

Галогенорынбасқан қышқылдар деп бір мезгілде әрі карбоксил тобы, әрі галоген атомы (атомдары) болатын органикалық косылыстарды айтады. Галоген де, карбоксил де біреу немесе бірнеше болуы мүмкін.


Галогенорынбасқан қышқылдардың изомериясы екі факторға: 1) көміртск қанқасының құрылымы; 2) галоген атомының орнына байланысты.

Трииалды номенклатура бойынша галоген атомы мен карбоксил тобының өзара орналасуы грек альфавитінің әріптсерімен:  $\alpha$ - $, \beta$ - $, \gamma$ - т.с.с. көрсетіледі.

ИЮПАК бойынша галогенқышқылды сыйкес карбон қышқылының атымен галогенинің орын цифрен көрсетіп атайды. Мысалы:




$\alpha$ -хлорпропион қышқылы  
2-хлорпропан қышқылы




$\beta$ -хлорпропион қышқылы  
3-хлорпропан қышқылы

#### Алу жолдары

1) Карбон қышқылдарын фосфордың сілемдері қатысында тікелей галогендеу. Карбонил тобының теріс индуктивті эффектісі нәтижесінде  $\alpha$ -сүтек атомдары қозғалғыш келеді және оңай орын басады:




2)  $\beta$ -орынбасқан галогенқышқылдарды алу үшін  $\alpha$ ,  $\beta$ -қанықпаған қышқылдарға галогенсүтектерді қосу. Галогенсүтектер Марковников срежесіне қарсы қосылады:



#### Қасиеттері


Галогенорынбасқан қышқылдарда галоген атомдары мен карбоксил тобы, негізінен, өздеріне тән қасиеттерді көрсетеді. Айталық, галоген атомдары нуклеофильді орын басу реакцияларына түседі. Ал карбоксил тобы қышқылдың

касисттер көрсөтеді, қышқылдарга тән туындылар береді. Сонымен бірге, галоген атомдары мен карбоксил тобы бір-біріне әсер етеді, бұл әсер, әсіресе, галоген  $\alpha$ -орында болса айқын байқалады.  $\alpha$ -Орынбасқан галоген атомдары өте қозғалғыш келеді, яғни олар нуклеофильді орын базу реакциясына оңай түседі:



Оның себебі, галоген мен карбонил тобы  $\text{C}=\text{O}$  скі жақтан электронды өздерінс тартып ( $-\text{I}$ ), ортадағы көміртектің оң зарядын айтарлықтай көбейтеді, сөйтіп нуклеофильді реагенттің шабуылына жағдай тудырады. Бұл әсер галоген атомы альистаған сайын әлсірсіді, мысалы,  $\beta$ -галоген атомдарының қозғалғыштығы қаныққан көмірсүткөтердің галогентуындыларындағыдай.

Өз кезегінде галоген атомдары да карбоксил тобына теріс индуктивті әсер етіп, оның қышқылдығын арттырады:



Бұл әсердің шамасын қышқылдардың күші бойынша ( $\text{pK}_\alpha$ ) бағалауға болады:


Қышқыл	$\text{pK}_\alpha$	Қышқыл	$\text{pK}_\alpha$
Сірке	4,7	Май	4,8
Монохлорсірке	2,8	$\alpha$ -Хлормай	2,9
Дихлорсірке	1,6	$\beta$ -Хлормай	4,1
Трихлорсірке	0,7	$\gamma$ -Хлормай	4,6

Айта кету керек, теріс индуктивті эффект көрсететін басқа орынбасарлар да карбоксилге осылайша әсер етеді.


## 2. Оксикышқылдар

### Анықтамасы, номенклатурасы, изомериясы

Құрамында әрі спирттік гидроксил, әрі карбоксил топтары бар органикалық қосылыстарды **оксикышқылдар** (гидроксикишқылдар) деп атайды. Мысалы:



$\alpha$ -оксисірке қышқылы  
гликоль қышқылы




$\alpha$ -оксипропион қышқылы  
сүт қышқылы


Қышқылдығын карбоксил –COOH, ал атомдығын гидроксил –OH топтары аныктайды. Мысалы, сүт қышқылы 1 негізді, 2 атомды қышқыл.

Тривиалды номенклатура бойынша оксиқышқылдардың көпшілігінің аттары өздері алынған табиғи өнімдерден пайда болады. Мысалы, сүт, алма, лимон қышқылдары. Сондай-ақ, сәйкес карбон қышқылдарының атымен, гидроксильдің орнын грек еріптерімен ( $\alpha$ ,  $\beta$ ,  $\gamma$ ) белгілеп, көрсетеді.

ИЮПАК бойынша қышқылдардың атына окси- (гидрокси-) сөз алды жүрнағы (префикс) жалғанады. Ескеретін жайт, халықаралық химиялық әдебиетте жүрнақ гидрокси- болғанымен, орысша химиялық әдебиетте окси- жүрнағы қалыптасып кеткен. Мысалы:






2-оксипропан қышқылы



3-метил-2-оксибутан қышқылы

**Изомериясы** бірнеше факторға байланысты:


- 1) Көміртек қаңқасының құрылымы;
- 2) –OH тобының орны:




3) Оптикалық (айна) изомерия. Бұл изомерияға тақырыптың соңына таман тоқталамыз.

### Алу әдістері


- 1) Гликольдерді тотықтыру:




2) Қышқылдардың  $\alpha$ -галогентұндыларындағы галогенді гидроксил тобына ауыстыру. Реакция сумен немесе сілтімен қыздырганда жылдамдайды:



3) Қаныққан қышқылдарды ферменттік  $\beta$ -тотықтыру арқылы:



4) Альдегидтер мен кетондардан циангидриндер (оксинитрилдер) арқылы:



5) Табиги өнімдердің құрамында кездеседі. Солардан микроорганизмдер қатысында биосинтездеу арқылы (сүт, алма, т.с.с.).


### Физикалық қасиеттері

Оксиқышқылдар суда жақсы срітін кристалды заттар. Сәйкес қышқылдарға қарағанда балку температурасы жоғары, суда жақсырақ ериді және қышқылдық қасиеттері басым. Полярсыз органикалық еріткіштерде (бензол, эфир) нашар ериді.

### Химиялық қасиеттері

Химиялық қасиеттеріне келсек, оксиқышқылдар спирттерге тән реакцияларға да, қышқылдарға тән реакцияларға да түседі. Қышқылдар ретінде күрделі эфирылер, тұз, ангиридиттер, галогенангидридтер, амидтер түседі. Солардың кейбірін қарастырайық:

1) Күрделі эфир түзу:




2) Тұз түзу:




Оксигеншілдер спирттер ретінде курделі эфирлер, жай эфирлер, галогендерге орын басу, т.б. реакцияларға түседі. Солардың кейбірін қарастырайық:

### 3) Күрделі эфир тұзу:




#### **4) Жай эфир түзу:**




Соныңынан бірге, оксиқышқылдардың тек өздеріне тән реакциялары бар. Бұл реакцияларға бір мезгілде гидроксил де, карбоксил дс қатысады. Осындай реакцияларға оксиқышқылдарды қыздырғанда жүретін реакциялар жатады. Реакция шарттарына және гидроксил тобының орнына байланысты әр түрлі өнімдер тузыледі.


1) Сүйылтылған  $H_2SO_4$  қатысында қыздырғанда а-оксиқышқылдар альдегидтер мен күмірсека қышқылын түзеді:




2)  $\alpha$ -оксиқышқылдар қыздырғанда суды жеңіл бөліп, циклды күрделі эфирлер – лактидтер түзеді. Реакцияға оксиқышқылдың екі молекуласы қатысады:



3) β-оксиқышқылдар қыздырғанда суды бөліп, қанықпаған қышқылдар түзеді:




4) ү-оксиқышқылдар қыздырғанда суды бөліп, молекулаішлік күрделі эфирлер – лактондар түзеді:




## Оптикалық изомерия

**Органикалық қосылыстарда кең тараған кеңістіктік изомерияның бір түрі – оптикалық изомерия.** Екі оптикалық изомердің айырмашылығы – олар бір-бірінің айнадағы бейнесі сияқты. Сондықтан **айна изомериясы** деп те аталады. Оптикалық деп аталау себебі – бұл изомерлердің қасиеттерінің айырмашылығы олардың полярланған жарықты бұру қабілетінде. Оптикалық изомердің бірі полярланған жарық жазықтығын онға бұрса, екіншісі дәл сондай бұрышқа, бірақ солға бұрады. Осыған байланысты оларды **оптикалық антиподтар** деп те атайды. Басқа физикалық, химиялық қасиеттері бірдей. Заттардың полярланған жарық жазықтығын бұру қабілеті **оптикалық активтілік** деп аталады. Оптикалық активтілікті поляриметр атты құралмен өлшейді.

Оптикалық изомерияны түсіндіру үшін асимметриялық көміртек атомы ұғымымен танысадайык. Егер көміртек атомының төрт орынбасары да әр түрлі болса, ол асимметриялық көміртек атомы деп аталады және  $C^*$  деп белгіленеді. Төрт әр түрлі орынбасары бар молекулаларда ешқандай симметрия элементтері болмайды, олар хиразльді молекулалар деп аталады. Мысалы:




Егер қосылыста бір асимметриялық көміртек атомы болса, онда ол қосылыстың бір-бірімен айнадағы бейнесі тәрізді екі изомері болады. Ондай изомерлерді оптикалық изомерлер деп атайды. Мысалы:



Жоғарыда айтқанымыздай, мұндай оптикалық изомерлердің физикалық, химиялық қасиеттері бірдей, тек бір айырмашылығы полярланған жарық

жазықтығын бүруында: бірі онға (d), екіншісі солға бұрады (l), бірақ бірдей бұрышқа бұрады. Қосылыстың құрамында осы екі изомер бірдей мөлшерде болса, онда ол коспа оптикалық активсіз, оны **рацемат** деп атайды.


Оптикалық изомерлердің кеңістіктік құрылымын Фишердің проекциялық формулаларымен бейнелеген қолайлы. Ол үшін молекуланың тетраэдрлік моделін (20а-сурет) асимметриялық көміртек атомы сызба жазықтығында жататындей, ал C<sup>\*</sup>- b және C<sup>\*</sup>- c байланыстары горизонталь жазықтықта сызбадан бізге қарай шығып тұратындей, C<sup>\*</sup>-a және C<sup>\*</sup>-d байланыстары вертикаль жазықтықта сызба жазықтығынан ары қарай бағытталатындей стіл орналастырады (20б-сурет). Осылайша орналасқан суретті вертикаль жазықтыққа проекциялап түсіреді (20в-сурет). проекциялық формулалардан кері қарай осыған керісінше амалдар арқылы етуге болады, яғни формуланың үстіндегі және астындағы орынбасарлар сызба жазықтығының ар жағында, ал екі жағындағы орынбасарлар сызба жазықтығының бер жағында орналасқан деп есептеу керек. Формуланың ортасында сыйықтардың қылышын нұктесінде асимметриялық көміртек атомы бар деп түсіну керек, бірақ жазылмайды.




**20-сурет.** Фишердің просекциялық формуласы. а – тетраэдрлік модель; б - проекциялауға дайындалған тетраэдрлік модель; в - проекциялық формула

Егер молекулада бірнеше асимметриялық көміртек атомы болса, оптикалық изомердің саны асимметриялық көміртек атомының санына байланысты, Фишер формуласы  $N = 2^n$  бойынша анықталады, мұнда N – оптикалық изомер саны; n – асимметриялық көміртек атомының саны. Бұл изомерлердің жартысы полярланған жарық жазықтығын онға, екінші жартысы – солға бұрады. Бірақ молекулада симметрия элементтері болса, изомер саны азырақ болуы мүмкін. Бұлардың ішінде бір-бірінің айнадағы бейнесі сиякты және тек бұры бұрышының таңбасы бойыншаған айырмашылығы барлары, жоғарыда айтқанымыздай, оптикалық антиподтар (**энантиомерлер**), ал қалғандары **диастереомерлер** деп аталауды. Соңғыларының энантиомерлерден ерекшелігі – бір-бірінен физикалық және химиялық қасиеттері бойынша да айырмашылықтары бар, себебі бұл изомерлердің молекулаларында атомдар мен атомдар топтарының арақашықтықтары әр түрлі, соңдықтан бір-бірінse әсері де өзгеше.


Мысалы, хлоралма қышқылы үшін HOOC-CHCl-CH(OH)-COOH төрт түрлі стерсоизомер болуы мүмкін:




I



II



III





IV

I және II, III және IV молекулалар – энантиомерлер, ал I-III, I-IV, II-III, II-IV жүптары – диастереомерлер болып табылады.



Оптикалық изомерияға қатысты тағы бір ұғыммен танысайық – ол стереохимиялық қатарлар. Құрылышы әр түрлі, бірақ асимметриялық орталығының конфигурациялары ұқсас қосылыстар бір стерохимиялық қатарға – D-немесе L-қатар – жатады. D (он) және L (сол) белгілері бүрүшішінен таңбасына қатысты емес. D(+), D(-), L(+), L(-) конфигурациялары болуы мүмкін. Мұндағы «+», «-» таңбалары бүрүшішінен таңбасын көрсетеді.


Енді оптикалық изомерияны оксиқышқылдардың (сүт қышқылының) мысалында қарастырайық. Сүт қышқылы сәт қарапайым оптикалық активті қосылыс, үш түрлі формада болады.

D-сүт қышқылы бұлшық стте, L-сүт қышқылы қанттың ашыған өнімінде болады, ал сүтте – рацемат.


*D*(-)-сүт қышқылы*L*(+)-сүт қышқылы

*D*- немесе *L*-қатардың қайсысына жататынын глицерин альдегидінен формасымен салыстырып анықтайды. Карбонил тобынан сәт қашық орналасқан асимметриялық көміртек атомында орынбасарлардың орналасуы *D*(+)-глицерин альдегидінікімен сәйкес болса – *D*-қатарға, ал *L*(-)-глицерин альдегидінікімен сәйкес болса *L*-қатарға жатқызады.

*D*(+)-глицерин альдегиді*D*-сүт қышқылы




*L*(-)-глицерин альдегиді




*L*-сүт қышқылы

### Маңызды өкілдері

**Гликоль қышқылы** алғаш піспеген жүзімнен бөлініп алынды, қоймалжың сұйықтық, кристалданады:




**Сүт қышқылы** ( $\alpha$ -оксипропион қышқылы) 1780 жылы швед ғалымы Шеселе ашыған сүттен тапқан:




Көкөністер, жемістерді ашытқанда пайда болады, ірімшіктे де болатыны анықталды. Бұлшық еттерден бірінші рет 1832 жылы Либих бөліп алғып, ет-сүт қышқылы деп атады. Кейін бұлардың оптикалық изомерлер екені анықталды.

**Алма қышқылы** ( $\alpha$ -оксиянтар қышқылы), ақ түсті кристалды зат:




Піспеген алмада, жеміс шырындарында кездеседі.

**Шарап қышқылы** ( $\alpha, \alpha'$ -диоксиянтар қышқылы), қатты кристалды зат.



Екі асимметриялық көміртек атомы бар, сондықтан төрт түрлі стереоизомері болады.

**Лимон қышқылы** ақ түсті кристалды зат:




Көптеген өсімдіктерде кездеседі, лимон шырынында 7%-ға дейін болады. Зат алмасуда (көмірсулар алмасуында) маңызы үлкен.


### 3. Ароматты оксиқышқылдар (фенол қышқылдары)

Фенол қышқылдары табиғатта ксн тараған – тері илсігіш заттар, лигнин, гликозидтер, т.б. негізін құрайды. Фенол қышқылдарын алудың жалпы әдісі Кольбе синтезі: фенолдардың тұздарын көмір қышқыл газы қатысында, қысымда қыздырганда фенол қышқылдары түзіледі. Мысалы:

a)




ә)




Фенол қышқылдарының аса маңызды өкілдерінің бірі – **салицил қышқылы** (оксибензой қышқылы), түссіз кристалды зат,  $t_b=159$  °С. Суда аздап ериді. Антисептик қасиеті бар, жеміс-көкеністерді консервілседе қолданылады.


Салицил қышқыларының көптеген туындылары дәрілік препараттар болып табылады. Олардың ішінде эсірессе кең тарағаны **ацетилсалицил қышқылы** (аспирин) – аса бағалы ыстықты және ауруды басатын дәрі. Оны салицил қышқыларына сірке ангириди немесе хлорлы ацетилмен эсер етіп алады:




Салицил қышқылы негізіндегі тағы бір дәрілік препарат – **салол** іш ауруларына қарсы қолданылады:




*n*-Амин салицил қышкылы (ПАСК), туберкулозге қарсы бағалы препарат, алдынуы:



**Протокатех қышқылы (3,4-диоксибензой қышқылы),  $t_g=199$  °C, тері илегіш заттарды сілтілермен қыздырғанда түзіледі:**



**Галл қышқылы (3,4,5-триоксибензой қышқылы),  $t_g=222$  °C (гидрат), кристалды зат, сұық суда нашар, ыстық суда жақсы сриді:**




Сия жаңғақтың, емен қабығының, шайдың құрамында кездеседі. Күшті тотықсыздандырғыш, аудан оттекті сініріп, коныр түске боялады. Галл қышқылы мен оның туындылары тамақтық өнімдердің (майлар, сабындар, сүт өнімдері, балық) консерваннттары ретінде кеңінен қолданылады.


## 4. Оксокышқылдар

### Анықтамасы

Молекула құрамында оксо- (альдегидтік немесе кетондық карбонил тобы) және карбоксил топтары бар қосылыстар оксокышқылдар деп аталады. Олардың аттары сәйкес карбон қышқылдарының аттарымен оксо- топтың орны көрсетіліп айтылады. Мысалы:




глиоксил қышқылы  
(2-оксогірке қышқылы)      пирожузім қышқылы  
(2-океопропион қышқылы)      ацетосірке қышқылы  
(3-оксомай қышқылы)




4-оксовалериан қышқылы

### Алу жолдары


1) Гликольдерді тотықтыру:



2) Қышқылдардың дигалогентуындыларын гидролиздеу:



3) Оксикышқылдарды тотықтыру:




## Маңызды өкілдері

Ең қарапайымы – **α-оксопропион қышқылы (пирожүзім қышқылы)**. Аты – алыну әдісін білдіреді (жузім қышқылының пиролиздеу арқылы алғынады):




Пирожүзім қышқылы – өзіне тән иісі бар сұйықтық. Одан ары қыздырганда көмір қышқыл газы мен сірке альдегидіне ыдырайды:




Осындай қасиет басқа да  $\alpha$ -оксокышқылдарға тән.

Пирожүзім қышқылының карбоксил тобы – тұздар, эфирлер, амидтер түзу, т.с.с. карбоксил тобына тән реакциялардың бәріне түседі. Кето-топ та оксимдер, гидразондар, фенилгидразондар, бисульфит туындылар, оксинитрилдер түзу, т.с.с. карбонил тобына тән реакциялардың бәріне түседі. Және де бұл реакциялар женіл жүрседі, оның себебі – карбоксил тобының әсерімен карбонильдік көміртектің он зарядының күшінен:




Сондай-ақ, карбонил тобы да карбоксил тобына әсер етіп, оның қышқылдығын күштейтеді: мысалы, пирожүзім қышқылы пропион қышқылынан 500 есе күшті.


Ең қарапайым  $\beta$ -кетокышқыл – **ацетосірке қышқылы**:




Басқа  $\beta$ -кетокышқылдар сияқты ол да тұрақсыз, қыздырганда көмір қышқыл газы мен ацетонға ыдырайды:



Бірақ тұздары, эфирлері, т.б. туындылары тұрақты. Сондай маңызды туындыларының бірі – **ацетосірке қышқылының этил эфири**:



Ацетосірке кышкылының этил эфири (ацетосірке эфири) екі түрлі қасиет - кетондық және енолдық қасиет көрсетеді. Оның себебі **кето-енолдық таутомерия** (изомерлердің жылжымалы тепе-тендікте тұруы):




Зерттеулер ацетосірке эфири 92,5% кетондық және 7,5% енолдық формадан тұратынын көрсөтті.


Ацетосірке эфириңін кетондық түрі оксимдер, гидразондар, фенилгидразондар, бисульфит туындылар, оксинитрилдер тұзу, т.с.с. карбонил тобына тән реакциялардың бәріне түседі.

Енол формасына келесі химиялық реакциялар тән:


1) Галогендеу:




2) Ацильдеу:



3) Алкильдеу:



4) Металл натриймен, натрий алкоголятымен немесе сілтімен әрекеттесу. Нәтижесінде натрияацетосірке эфири ( $\beta$ -оксикротон эфириңін алкоголяты) түзіледі:



Натрияацетосірке эфири әр түрлі органикалық қосылыстарды синтездеуде аса маңызды рөл атқарады.